

**«Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ**

Педагогикалық кеңес отырысының №6 хаттамасы

Өткізілген күні: «29» мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: 28 педагог

Төраға: Шукеева Гульнур Умиржановна

Хатшы: Алтай Рита

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 5-8,10-сыныптарда өткізілген аралық емтихандардың қорытындылары туралы.
2. Оқушылардың білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштерін талдау.
3. Аралық емтихан нәтижелері бойынша қорытынды шешім қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Оқу ісінің меңгерушісі Кожаметова Асел Маратовна сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша 5, 8, 10-сыныптарда аралық емтихандардың ұйымдастырылуы мен өткізілуі туралы ақпарат берді.

Аралық емтихандар бекітілген кестеге сәйкес өткізілгені, емтихан материалдарының оқу бағдарламасына сәйкес дайындалғаны айтылды. Емтихан барысында академиялық адалдық талаптары сақталып, оқушылардың білім, білік және дағдылары объективті бағаланғаны атап өтілді.

Емтихан нәтижелерін талдау барысында оқушылардың көпшілігі оқу бағдарламасын тиісті деңгейде меңгергені анықталды. Білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштері өткен оқу кезеңімен салыстырылып, оң динамика байқалғаны айтылды.

Пән мұғалімдері емтихан нәтижелеріне талдау жасап, білім сапасын одан әрі арттыру мақсатында жеке жұмыстар жүргізу қажеттігін атап өтті.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Бейсенби Айсауле – 5, 7 «А» сынып оқушыларының емтихан нәтижелері жақсы деңгейде екенін айтты.
2. Алтай Рита – 6, 8 «А» сынып оқушыларының білім сапасы жақсы көрсеткіш көрсеткенін хабарлады.

3. Кадылбекова Айжан Ануарбековна – 10 «А» сынып оқушыларының емтихан нәтижелері мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес екенін атап өтті.
4. Мухамеджанова Н.К. – 5,7,10 «Б» сынып оқушыларының емтихан нәтижелері жақсы деңгейде екенін айтты.
5. Кадылбекова А.А. – 6, 8 «Б» сынып оқушыларының білім сапасы жақсы көрсеткіш көрсеткенін хабарлады.
- 6.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 5- 8, 10-сыныптардағы аралық емтихан нәтижелері жақсы деп танылсын.
2. Аралық емтихан қорытындылары бойынша оқушылардың жылдық бағалары бекітілсін.
3. Аралық емтихан нәтижелері ата-аналарға жеткізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____

«Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»

КММ

Педагогикалық кеңестің № 7 хаттамасы

Өткізілген күні: «11» маусым 2026 жыл

Қатысқандар: 18 педагог қызметкер

Төраға: Шукеева Гульнур Умиржановна

Хатшы: Алтай Рита

КҮН ТӘРТІБІ

1. 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандарының нәтижелерін қарау.
2. 9-сынып оқушыларын негізгі орта білім туралы аттестаттауға жіберу және аттестат беру туралы.

ТЫҢДАЛДЫ

Оқу ісінің меңгерушісі Беймагамбетова А.Т. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша 9-сынып оқушыларының қорытынды бітіру емтихандарының нәтижелері туралы баяндады.

Баяндамада қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес өткізілгені атап өтілді. Емтихан кестесі бекітіліп, барлық емтихандар белгіленген мерзімде өткізілді. Емтихан материалдары оқу бағдарламасына сәйкес дайындалып, білім алушылардың білім деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Емтихан нәтижелері бойынша 9-сынып оқушылары оқу бағдарламасын толық меңгеріп, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарын орындағаны анықталды. Сонымен қатар, оқу жылындағы және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша **1 білім алушы 9 «Б» сынып оқушысы Филипенко София «Үздік аттестат» иегері** екені атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР

1. Оқу ісінің меңгерушісі Беймагамбетова А.Т. – қорытынды аттестаттау талапқа сай өткізілгенін айтты.
2. Сынып жетекшілері Омарова М.Б., Нұрилла Ә.Қ. 9-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне оң баға берді.
3. Пән мұғалімдері оқушылардың емтихан нәтижелері қанағаттанарлық деңгейде екенін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. 2025–2026 оқу жылы бойынша 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандарының нәтижелері бекітілсін.
2. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен 9-сынып оқушыларына негізгі орта білім туралы аттестат берілсін.
3. Аттестаттарды салтанатты жағдайда тапсыру ұйымдастырылсын.
4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: _____ 

Хатшы: _____ 